**Ынтымақтастық туралы**
**КЕЛІСІМ**

**Астана қаласы** **2024 ж. «** 9 **»** 03

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы» мемлекеттік мекемесі, бұдан әрі «Академия», атынан Академия ректоры М.И. Сексембаев, бір жағынан және «Esil University» мекемесі, бұдан әрі «Университет», атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Университет ректоры А.А. Таубаев екінші жағынан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын, жоғары оқу орындарының ғылыми-білім беру қызметін дамытуға, кәсіби кадрларды даярлауда күш-жігер мен ресурстарды біріктіруге Тараптардың өзара жәрдемдесу қажеттілігін мойындай отырып, төмендегілер туралы Ынтымақтастық туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) жасады:

## 1. КЕЛІСІМНІҢ МӘНІ

1.1. Осы Келісімнің мәні өтеусіз негізде ғылыми-білім беру қызметі саласындағы ынтымақтастық пен Тараптар білім алушыларының кәсіптік практикалары мен тағылымдамаларын ұйымдастыру және оқу, оқу-әдістемелік материалмен алмасу болып табылады.

## 2. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫСАНДАРЫ

2.1. Осы Келісім шеңберінде Тараптардың ынтымақтастығы мынадай нысандарда іске асырылуы мүмкін:

2.1.1. білім алушылардың кәсіптік практикалары мен тағылымдамаларынан өтудің бағдарламалары және практика мен тағылымдамадан өту жоспарына сәйкес кәсіптік практикалары мен тағылымдамаларын ұйымдастыру;

2.1.2. заңнаманың талаптарын сақтай отырып, Тараптар иелігіндегі оқу, оқу-әдістемелік материалмен алмасу;

2.1.3. магистратура және докторантура білім алушыларына ғылыми басшылықты (кеңес беруді) жүзеге асыру;

2.1.4. оқу, оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу кезінде магистранттар мен докоранттардың диссертациялық зерттеулерінің нәтижелерін пайдалану, сондай-ақ оларды Тараптардың білім беру қызметіне енгізу;

2.1.5. өзге де ғылыми-зерттеу және білім беру іс-шараларын іске асыруға бірлесіп қатысу.

2.2 Келісімді орындау барысында Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

## 3. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

3.1. Тараптар міндеттенеді:

3.1.1. осы Келісімді орындау үшін іс-шараларды іске асыруға жәрдемдесуге;

3.1.2. заңнаманы сақтай отырып, Тараптар иелігіндегі оқу және оқу-әдістемелік материалын алмасуға өзара жәрдем беру және көмек көрсетуге;

3.1.3. осы Келісімді орындау үшін ұсыныстар және іс-шараларды іске асыруға қызметкерлердің кандидатураларын ұсыну;

3.1.4. осы Келісімді орындау үшін іс-шараларды іске асыруға байланысты мәселелерді талқылауға;

3.1.5. Тараптардың жауапты тұлғаларымен бірлесіп ынтымақтастықты үйлестіруге құқығы бар жауапты тұлғаларды тағайындау;

3.1.6. оқытудың неғұрлым тиімді әдістерін пайдалана отырып, білім алушылардың кәсіптік практикалардан (тағылымдамалардан) өтуін ұйымдастыруды жүзеге асыру, оларға алған теориялық білімдерін практикалық қызметте қолдану дағдылары мен қабілетті қалыптастыруға.

3.2. жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыру мақсатында Тараптар осы Келісімді орындау бойынша өзіне міндеттемелер қабылдайды.

3.3. Білім алушылардың кәсіптік практикаларын (тағылымдамаларын) ұйымдастыру шеңберінде Тараптар міндеттенеді:

3.3.1. практика (тағылымдама) бағдарламасын келісуге;

3.3.2. кәсіптік практика мен тағылымдамаларға басшылық жасау үшін білікті мамандарды ұсынуды қамтамасыз етуге;

3.3.3 білім алушыларға еңбек қауіпсіздігін қорғау және техникасы бойынша нұсқаулық жүргізе отырып, әрбір жұмыс орнында қауіпсіз еңбек жағдайларын ұйымдастыруға;

3.3.4. білім алушылардың еңбек тәртібін сақтауын қамтамасыз етуге;

3.3.5. білім алушыларға құжаттамаға қол жеткізу, сондай-ақ білім алушылардың кәсіптік практика (тағылымдама) бағдарламасын табысты меңгеруі үшін қажетті ақпаратты (қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қоспағанда) алу мүмкіндігін беруге;

3.4.3. білім алушыларға кәсіптік, педагогикалық практикадан (тағылымдамадан) өтуге өзге де жәрдем көрсету, оларды өту нәтижелері бойынша пікір беруге.

## 4. ҚҰПИЯЛЫҚ ШАРТТАРЫ

4.1. Тараптар бірлескен қызмет процесінде белгілі болған өндірістік тәртіптің құпия мәліметтерін жария етпеуге міндеттенеді.

## 5. ҚОСЫМША ІС - ШАРАЛАР

5.1. Осы Келісім Тараптардың кез-келгенінің бастамасы бойынша ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған өзге де іс-шараларды өткізу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

## 6. КЕЛІСІМДІ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ

6.1. Келісім Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 5 жыл бойы қолданылады.

6.2. Егер бірде-бір Тарап оны бұзу туралы хабарламаса, келісім сол шарттармен сол мерзімге ұзартылады.

6.3. Келісім тараптардың бірінің жазбаша хабарламасымен бұзылуы мүмкін және екінші Тарапқа Келісім тоқтатылғаны туралы хабарлама жіберілгеннен кейін екі ай өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

6.4. Келісім бұзу Тараптардың өзара келісімі бойынша айқындалады. Келісім өзгерген немесе бұзылған жағдайда Тараптар келісілген шарттарда осы Келісімді орындау үшін басталған іс-шараларды іске асыруды жалғастырады.

6.5. Осы Келісім іске асыру шеңберінде тараптар зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды қорғауды қамтамасыз етеді.

6.6. Осы Келісім талаптарына кез келген өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісімдермен ресімделеді және оларға екі Тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

## 7. ҚОРЫТЫНДЫ ШАРТТАР

7.1. Осы Келісім Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден екі данада жасалды. Келісімнің барлық даналары бірдей заңды күшке ие. Келісім мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

## 8. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

| | |
|---|---|
| «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы» ММ | «Esil University» мекемесі |
| Республика көшесі, 94-ғимарат,<br>Қосшы қаласы, 021804,<br>Ақмола облысы,<br>Қазақстан Республикасы,<br><br>http://academy-gp.kz/<br>apo-kanc@prokuror.kz | Ахмет Жұбанов көшесі, 7<br>Астана қаласы, 010000,<br>Қазақстан Республикасы<br><br>http://esil.edu.kz/<br>info@esil.edu.kz |
| **Ректор** | **Ректор** |
| _____ **М.И. Сексембаев** | _____ **А.А. Таубаев** |